



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

УДК 347.1(575)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ РИМ ИМПЕРИЯСЫНДАҒЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ

Абдулла Арайлым Бахбергенқызы

Karibaeva.aiman@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУЗаң факультетінің І курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Карибаева А.К.

Құқықтық қатынастарға қатысушылардың азаматтық құқықтары мен міндеттері болады, олар құқық қатынастарының объектілері деп аталады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1-бабында азаматтық заңдармен реттелетін қатынастардың қатысушылары азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бөліністер болып табылады деп атап көрсетілген.

Азаматтық құқық қатынастардың субъектілері ретінде әрекет жасайтын азаматтардың басым көпшілігі – Қазақстан Республикасының азаматтары, Конституцияның 10-бабында Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес беріліп, тоқтатылатыны, оның алыну негіздеріне қармастан бірыңғай және тең болып табылатыны атап көрсетілген.

Азаматтық құқық – жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің және әкімшілік-аумақтық бөлшектерінің күнделікті өмірімен, іс әрекеттерімен ажырамас байланыстағы Қазақстан Республикасы құқығының бір саласы.

Азаматтық құқық реттейтін қоғамдық қатынастардың негізгі түрлерінің біріне, құқық нормалардың ықпалына ұшырайтын мүліктік қатынастар жатады. Материалды игіліктермен байланысты қоғамдық қатынастар мүліктік қатынастар деп аталады. Мүліктік қатынастар мүлікке деген меншіктік қатынастардың негізінде туындайтындықтан, азаматтық заңнамалардың іс-әрекетіне бағынады. Осы тұрғыдан, мүліктік қатынастар дегеніміз мүлікті алу, иелену не басқа субъектілерге беру барысында, айырбас, сату немесе тауар-ақша қатынастары азаматтық құқықтық реттеудің негізгі объектісі болады.

Осы мақалада Қазақстан Республикасы азаматтарының құқық қабілеттілігі және Рим империясындағы азаматтардың құқық қабілеттілігін салыстырмалы түрде қарастыру негізгі мақсат болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін алдымызға келесі міндеттер қойылынды:

- Қазақстан Республикасы азаматтарының құқық қабілеттілігін қарастыру;
- Рим империясындағы азаматтардың құқық қабілеттілігін анықтау.

Азаматтық Кодекстің 1-ші бабында көрсетілгендей, азаматтық-құқықтық қатынастардың негізгі субъектілерінің бірі - азаматтар. Азаматтардың құқықтық жағдайы олардың құқықтық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі арқылы сипатталады. Сондықтан да азаматтық құқық қабілеттілігіне анықтама беруіміз қажет. Құқыққабілеттілік – азаматтардың құқықтық қатынастардың субъектісі болу құқығы[1].

Азаматтық Кодекстің 13-ші бабына сәйкес, азаматтық құқық қабілеттілігі дегеніміз - азаматтардың азаматтық құқықтарға ие болу және азаматтық міндеттерді атқару қабілетін айтамыз. Азаматтың құқық қабілеттілігі ол туылған кезден басталып, қайтыс болған соң тоқталады. Азаматтық құқықтың алдына қойған мақсаты сол — азаматтардың құқық қабілеттілігін тек аталған саланың шеңберінде ғана көрсетпеу, себебі құқық қабілеттілігі басқа да құқық салаларының көкейкесті мәселелерінің бірі. Азаматтардың құқық қабілеттілігі шығу тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, жынысына, біліміне, тіліне, дінге қатысына, кәсібінің тегі мен сипатына, тұратын жеріне және т. б. жағдайларға қармастан Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына теңдей мойындалады. Азаматтардың құқық қабілеттілігін азаматтан айырып қарауға болмайды. Азаматтық заңдарда көрсетілгендей, ол адамның ақыл-есіне, жасына, денсаулығына

байланысты емес. Азаматтардың құқық қабілеттілігі ол туылған кезден басталып, қайтыс болғаннан кейін тоқтатылады.[2] Сонымен бірге заңда әлі дүниеге келмеген нәрестенің, болашақ азаматтың құқығын қорғау мүмкіншілігі де көрсетілген.

Азаматтық Кодекстің 525-ші бабына сәйкес мұра қалдырушының тірі кезінде іште қалған, ол өлгеннен кейін туылған азаматтар да басқа мұрагермен бірдей тең үлеске тиесілі. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің мазмұнына тоқталатын болсақ, ол жайында Азаматтық Кодекстің 14-ші бабында айқын көрсетілген. Азамат меншік құқығы деңгейінде мүлікті алуға, мұраға салдыруға, республика аумағында «еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жер тандауға; республикадан тыс жерлерге еркін шығып кетуге және оның аумағына қайтып оралуға; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген мәміле жасасып міндеттемелерге қатысу; өнертабыстарға— ғылым, әдебиет және өнер шығармаларына, интеллектуалдық қызметтің өзге де туындыларына интеллектуалдық меншік құқығы болуға; материалдық және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқығы болады; басқа да мүліктік және жеке құқықтары болады».

Азаматтардың әрекет қабілеттілігі құқық субъектілігінің екінші элементі болып табылғандықтан оған төмендегідей анықтама беруге болады. Азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болу және оларды жүзеге асыру, өзі үшін міндеттерді туғызу және оларды орындау қабілеттілігі (Азаматтық Кодекстің 17-ші бабы). Азаматтардың әрекет қабілеттілігінің маңыздылығы сонда, ол өз әрекеттерінің нәтижесінде белгілі заңды салдардың пайда болатынын түсіну. Сонымен қатар, өз әрекеттерінің нәтижесінде келтірілген зиянның орнын да өзі толтыру мүмкіншілігі, яғни айтқанда, әрекет қабілеттілігін тек келісімдер жасау және-олар үшін жауап беру ғана түсінгеніміз жөн, өйткені азаматта әрекет қабілеттілігімен бірге өзі келтірген зиянды өтеу қажеттілігі де бір мезгілде пайда болады [2, 36 б.].

Азаматтың толық әрекет қабілеттілігі кәмелеттік жасқа толғаннан кейін, яғни 18 жасқа келген кезден бастап пайда болады. Заң құжаттарында 18 жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап, толық көлемінде әрекет қабілеттілігіне ие болады. Он сегіз жасқа толғаннан соң азамат азаматтық айналымның толық қатысушысы болып саналады. Егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, барлық азаматтардың әрекет қабілеттілігі тең болады. Әрекет қабілеттілікті шектеудің екі түрі бар:

1. Әрекет қабілеттілігін табиғи түрде шектеу;
2. Әрекет қабілеттілігін сот орындарының шешімі негізінде шектеу.

Әрекет қабілеттілігін табиғи түрде шектеу азаматтың жасына байланысты. Сөйтіп, азаматтық құқық теориясында қалыптасқан ережелерге байланысты әрекет қабілеттілігін үш түрге бөлуге болады.

- толық
- жартылай (ішінара)
- шектеулі әрекет қабілеттілігі.

Азаматтардың толық әрекет қабілеттілігі туралы жоғарыда айтылып кеткендіктен, оған тағы қайтып оралудың қажеті жоқ. Азаматтық кодекстің 23-ші бабында атап көрсеткендей 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар үшін мәмілелерді, бір заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, олардың ата-аналары, асырап алушылары немесе қорғаншылары жасайды.

Азаматтық құқықтың мынандай қағидалары бар:

- 1) азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысушылардың теңдігі;
- 2) меншікке және басқа заттық құқыққа қол сұқпаушылық;
- 3) шарт еркіндігі;
- 4) жеке істерге кімнің болса да озбырлықпен араласуына жол беруге болмайтындығы;
- 5) азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру;
- 6) нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін қамтамасыз ету;
- 7) азаматтық құқықты сот арқылы қорғау.

Міне, осы қағидалардың бәрі де Азаматтық кодекстің "Азаматтық заңдардың негізгі бастаулары" деп аталатын 2-бабын да бекітілген. Яғни сол арқылы мемлекет пен қоғамның азаматтық заңдарының алдына қойған мақсаты мен міндетін орындаудағы азаматтық заңның демократиялық және ізгілікті қасиеттері көрініс береді. Енді осы көрсетілген қағидаларды талдасақ дейміз.

Азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылардың теңдігі қағидасы азаматтық құқықтың басты қағидаттарының бірі, олардың қатысушыларының теңдігіне байланысты келеді. Азаматтық қатынастарға қатысушылардың теңдік қағидасы қоғамдық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеу әдістемесінің өзімен айқындалады. Яғни бұдан азаматтық-құқықтық қатынастарда тараптардың жағдайы тәуелсіз, тең дережеде болатындығын көреміз. Демек, азаматтық қатынасқа қатысушының бірі екіншісіне тіптен бағынышты емес, ал тәуелділігі оның мінез-құлқына, екіншісінің ерік-жігеріне қатысты болмау керек.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабында меншік иелерінің құқығын қорғауға байланысты теңдік қағидасы тұжырымдалған. Мұның өзі оларға қатысты құқықтардың бұзылуына қарсы қорғану құралын субъектілер бірдей қолданады дегенді білдіреді. Меншікке және басқа заттық құқыққа қол сұқпаушылық қағидасына тоқталсақ, меншікті құрметтеп, оған ешкім қол сұқпайтын елде ғана азаматтар жайбарақат өмір сүре алады. Сондықтан да әрбір қоғамда меншік ерекше мәртебеге ие болып, оны қасиетті әрі қол сұғылмайтын нәрсе деп бағалайды. Адамның белгілі бір затты иеленуі оны тұтынуы, белгілі бір мақсатына, яғни керегіне жаратуы үшін керек, сондықтан ол бұл орайда қызмет ету құралын бәрінен де жоғары қояды. Мемлекет пен құқық, оның ішінде азаматтық құқық мұндай жағдайды қамтамасыз етеді [3, 15 б.].

Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінде арнайы былай деп жазылған: "Шетелдің заңды тұлғалары, азаматтары және мемлекеттерінің қатысуымен азаматтық заң арқылы реттелетін Ресей Федерациясының жауапкершілігі мен Ресей Федерациясы субъектілерінің ерекшелігі мемлекеттің иммунитеті және оның ерекшеліктері жөніндегі заңмен айқындалады". РФ-ның АҚ-і 127- бабы [4].

Қашан да меншік құқығы азаматтық құқықтың орталық институты болып есептелген және меншік иесінің құқығын қорғауды барынша талап еткен. Міне, сондықтан да азаматтық құқық меншіктің қол сұқпаушылық қағидасына негізделеді. Меншікке қол сұқпаушылық Азаматтық кодекстің, басқа нормаларында да өзіндік көрініс тапқан, ал оны нақтылайтын тұжырымдама Конституцияның 26-бабының 3 тармағында бекітілген. Яғни онда былай делінген: "Соттың шешімінсіз ешкімді өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүліктен күштеп айыру оның құны тең бағамен етелген кезде жүргізілуі мүмкін". Конституцияның бұл қағидалары Азаматтық кодексте реквизициялау, күтімсіз ұсталған мәдени және тарихи қазыналарды сатып алу және т.б. қатынастарда қолданылады (АҚ-тің 253, 254, 256-баптары).

Жоғарыда аталған азаматтық құқықтың негізгі қағидалары, ең бірінші азаматтардың мүдделерін оның ішінде мүліктік емес құқықтарын қамтамасыз етуде басшылыққа алынады.

Рим құқығы дүниеге келген кезінде Рим Италиядағы көбімен бірдей кіші қауым болған еді. Рим қауымы (*civitas Roma*) ұлғайған сайын өз ықпалын Италиядағы барлық аумаққа, содан кейін Жерорта теңізіне таратып, билік астына сол уақыттағы барлық мәдени орталықты жинап алды. Сонымен қоса Рим іштей өзгерді. Көне патриархалдық құрылыс жойылып, ескі табиғи өнімге негізделген шаруашылық күрделі экономикалық қарым - қатынаспен алмасады. Жаңа өмір, күшті жұмылдыруды, әрбір жеке тұлғаның қабілетін күшейтеуін талап етті. Осының барлығына сай рим құқығы өз сипатын жеке тұлғаның бастамасына қарай ауыстырды: тұлғаның бостандығына, шарт және өсиет бостандығы рим құқығы жүйесінің бір қалауы болып табылды.

Осыған байланысты, пайда болатын дауларды шешу үшін құқық субъектілерінің аумақтық немесе ұлттық белгісінен тәуелді болмай қолданып реттейтін құқықтық норма жасау қажеттілігі туындады. Рим құқығы объективті қажеттіліктің ықпалынан, өзіне дейін мың жылдар бойы қалыптасқан халықаралық қатынастың және халықаралық айналымдағы

әдет - ғұрыптардың қасиеттерін бойына сіңдіріп оған қол жетімділік және тұрақтылық сипатын береді [5, 75 б.].

Құқықтық жүйенің қағидаларын әзірлеген кезде рим юриспруденциясы азаматтық айналымдағы субъектілерді өзара құрметтеу қағидасына, тұлғаның өз мүлкіне тікелей бақылау жасауын болдырмау, тауар және қызмет көрсетудің алмасуы тең болу, қоғамда орнатылған тәртіпке сай еркін білдіру бостандығы қағидаларынан бағыт алып отырды. Ғасырлар бойы заң ойы қалыптасып тұғыр болған рим құқығы бүгінгі күні де құқықтық жүйе және азаматтық құқықтың теориясы ретінде оқылып зерттеліп жатыр ондағы ұғым мен құқықтық институттар ешбір ұлттық көріністен тәуелсіз еркін көріністе орын тапты. Рим құқығын оқып зерттеу құқық саласында кең теоретикалық дайындық бергеннен басқа ұғымдық аппаратты еркін қолдануға көмек. Рим құқығының көп түсініктері қазіргі заманғы юриспруденцияда белсенді қолданылуда.

Рим құқығының қайнар көзін құқық нормасының көрсету нысаны ретінде әдет-ғұрып құқығын, заңдарды, магистрлар эдиктілерін және заңгер қызметтерін қосамыз. Әдет-ғұрып құқығы рим құқығын танудың ең ежелгі нысаны болып табылады. Әдет-ғұрып құқығының нормасы әр-түрлі нысанда болды. Ол ата-бабалардың ғұрпы (*mores maiorum*), әдеттегі іс-тәжірибе (*usus*). Мемлекет кеңіген және бекіген сайын әдет-ғұрып құқығы қанағаттандырмайтын нысан бола бастады дегенімен оның қалыптасуы бәсең болғандықтан өсіп келе жатқан сауда айналымын реттеуге қабілетсіз болса керек. Әдет-ғұрып құқығы заңдарға және басқа құқық құрылым нысанына жол берді. Республикалық кезеңде заңдар халық жиналысынан туындады және ол *leges* аталды. Заңдар азаматтар арасындағы өзара ымыраластықтың нәтижесі бола тұра құқықтың өзіндігін қамтамасыз етіп басшылардың және жеке азаматтардың тарапынан озбырлыққа жол бергізбеді.

Құқық қабілеттілікті жоғалту және шектеу. Толық құқықты рим азаматы, бір сәтте үш жағдайда болуы керек болды – мәртебеге (*status*) ие болу деген мағына. Ол мыналарға бөлінді: *status libertatis* – бостандық жағдайы; *status civitatis* – азаматтық жағдайымен; *status familiae* – отбасылық жағдайымен. Құқық қабілеттілікті жоғалту және шектеу. Римдықтар құқыққабілеттілікті жоғалтуды және шектеуді келесі жағдайлармен байланыстырды: - *maxima* (ең жоғарғысы) римляндық құлға айналады, нәтижесінде азаматтықты және отбасыдағы жағдайды жоғалтады; - *media* (орташа), римляндық бостандықта қалады бірақ рим азаматтығын, *status civitatis* және *status familiae* мәртебесін жоғалтады, ал заң жүзінде отбасы мүшелігінен айырылады; - *minima* (ең төменгісі), дербес үй иесінен тәуелді жағдайға түсіп қалады.

Ежелгі Рим қауымы ерікті және құлдарға бөлінді. Құлдар (*servi*) құқық субъектісі болып табылмады, тек құқықтың бір объектісі ретінде, шаруашылық заты ретінде қарастырылды. Құл иесінің билігі шексіз болды, қожайыны құлды сата алды, жазалайтын болды. Қайта классикалық дәуірде, рим қоғамында стойкалық фэлсафаның ықпалынан құлдардың адамдық табиғаты туралы көзқарастар өзгеріп, құлдарға деген зорлықтар азая түседі. Құлды өлтіру немесе оған зақым келтіру, көп уақыт бойы мүліктік қылмыс деп танылды. Олар заңмен танылатын неке қия алмады. Олардың балалары да, құл болып танылды. Б.з.ІІІ ғ. экономикалық дағдарыс жағдайында тәуелді халықтың ерекше санаты пайда болады олар – колондар (*coloni*). Классикалық дәуірде жерді жалға алып формалды түрде бостандыққа ие, ал экономикалық жағынан жер иесінен тәуелді болды. Азаматтық жағдайы. Римнің еркін халқы құқыққабілеттілік дәрежесі бойынша үш үлкен топқа: *cives*, *latini* және *peregrini* бөлінді.

Халықтың жеке санаттары Латиндар (*latini*) Римдықтар жаулап алған аумақта (*latini coloniarii*) тұратын лациум, тұрғындарын және латиндық азаматтық алғандарды атайды. Перегриндер (*peregrini*) деп римдық және латиндық құқыққабілетке ие болмағандарды атайды. Кез келген перегрин рим магистратының сотына жүгіне алды. Б.э. 212 жылы Каракалла императоры рим азаматтарына, Рим мемлекетінің барлық қауымына бостандық берді. *Ius civile* империяның негізгі құқықтық жүйесі болып қалыптасты.

Рим құқығында 7 жасқа дейін (infantes) балалар толық әрекетке қабілетсіз, 7 жастан 14 жасқа дейін (қыз бала 12 жасқа дейін) – impuberes дербес мәміле жасай алатындар, міндет орнатпайтын әрекеттер деп танылды. Жасы 14 тен (қыз бала 12 ден) 25 жасқа дейін тұлға жеке құқық саласында толық әрекетке қабілетті деп танылды. Сондай – ақ әрекетке қабілеттілік шектелетін болды. Заңды тұлғалар. Ежелгі Римде құқық субъектілері ретінде жеке тұлғалар мен қоса белгілі ұйымдар танылды. Қайнар көздер мүлікті шоғырландыратын мемлекеттік қазынаны (aerarium populi romani) заңды тұлға ретінде көрсеткен, сонымен қоса қалалық қауым муниципия (municipii), діни бірлестіктер (collegia sodalicia) жатты.

Сонымен қорыта, келе азаматтық құқық – Қазақстан Республикасы құқығының саласы. Ол азаматтық құқықтық қатынастар деп аталатын қатынастарды реттейді. Азаматтық құқық нормалармен реттелген қатынастар оның мәнін құрайды. Заттарды сатып алу-сату, сыйлау, заттарды (меншікті) иемдену мүліктік қатынастар.

Сонымен, азаматтық-құқық қатынастарға жеке, заңды тұлғалар қатысады. Сонымен бірге мемлекет, әкімшілік-аумақтық бірліктер де оған қатысушылар болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлға ретінде танылады. Тұтастай алғанда, азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысушылардың (субъектілердің) бәрі құқықтарға ие болу мен міндеттемелер атқару мүмкіндіктері бойынша тең болады.

Субъектілер құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігіне ие болғаннан кейін азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысады. Құқық қабілеттілігі азаматтық құқықтарға ие болу және міндеттемелерді алу қабілеттілігі ретінде түсіндіріледі.

Адамның өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарды алу және жүзеге асыру, өзіне азаматтық міндеттерді белгілеу және оны орындау қабілеті әрекет қабілеттілігі деп аталады. Ол толықтай көлемінде кәмелеттік жасқа, яғни он сегіз жасқа толғанда туындайды.

Ежелгі Рим құқығындағы және Қазақстандағы адамдардың құқық қабілеттіктерінің ұқсастығы екі кезеңдеде адам дүниеге келгеннен бастап қайтыс болғанға дейін жүзеге асады.

Сонымен қатар ежелгі Рим құқығы да Қазақстан құқығы да әдет-ғұрып нормаларын құқықтың қайнар көзі ретінде таниды. Рим қоғамында әлеуметтік теңсіздікке байланысты белгілі бір дәрежеде шектеулер болса, мысалы Рим құлдар мен латындар құқық қабілеттілікке ие болмаса Қазақстан қоғамында барлық азаматтар құқық қабілеттілікке ие бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Братусь С.Н. Субъекты гражданского права. М., 1950. С. 6.
2. «Қазақстанда Республикасы азаматтық құқығы» Тілеуғалиев Ғ.И., Алматы, 2001 жыл
3. Тілеуғалиев Ғ.И. Азаматтық құқық. Том-1. Қаз ГЮА. 2001
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеті мен Құқығының негіздері Алматы – 2003 жыл.
5. "Гражданский кодекс Российской Федерации (часть первая)" от 30.11.1994 N 51-ФЗ (ред. от 22.10.2014) (с изм. и доп., вступ. в силу с 02.03.2015)
6. «Құқық негіздері» оқулық Алматы «мектеп» 2006

ӘОЖ 347 961 (574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАНЫ ДАМУ

Бауыржанқызы Айгерім
lunebelle@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, заң факультеті, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының II курс магистранты, Астана